

Аудандық мәслихатпен бірлескен аудандық қоғамдық Кеңес отырысының
№9 хаттамасы

Қордай ауылы
Өткен жері: Аудан әкімдігінің мәжіліс залы

11 қыркүйек 2024 жыл
сағат 10:00

Қатысқандар: Б.Қарамолдаева- аудандық Қоғамдық кеңестің төрайымы және мүшелері, барлығы – 6 адам

Қатыспағандар: - 5 адам себепті (Э.Апаев, К.Ағыбаева – себепті, А.Алматаева, Е.Тоқтағұлов –іс-сапарда, М.Аманбаева- жұмысқа жарамсыз).

Төрағалық етуші: - Б.Қарамолдаева

Күн тәртібі:

1.Қоғамдық кеңеске жаңа мүшелерін қабылдау;

2.Әр түрлі мәселелер.

1.Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша Аудандық қоғамдық кеңестің төрайымы Б.Қарамолдаева өз сөзінде, Қордай аудандық Қоғамдық кеңесі Қоғамдық кеңес құрамынан шыққан мүшелерінің өкілеттіктерінің қалған мерзіміне (2 орын) Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының талаптарына сәйкес конкурс өткізу керектігін айтты, екі орынның конкурсқа 1 азаматтың құжаттары келіп түсті, ол Мунатаева Раушан Муратовнаның өз өтініші деді, содан соң Мунатаева Раушан Муратовнаның өмірбаяны аудандық кеңес мүшелеріне таныстырылып, сұрақтар беруді ұсынды.

Қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан сұрақтар берілмеді, аудандық Қоғамдық кеңестің төрайымы Б.Қарамолдаеваның тарапынан үш сұрақ қойылды:

1. Қоғамдық кеңеске келу мақсатыңыз?
2. Қоғамдық кеңестің Қағидаттары?
3. Азаматтық қоғамның саны жалпы санның нешеуін құрайды?

Мунатаева Р.М. тарапынан барлық сұрақтарға дұрыс жауап берілді.

Қоғамдық кеңес отырысының барысында Қоғамдық кеңес құрамынан шыққан мүшелерінің өкілеттіктерінің қалған мерзіміне (1 орын) Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының талаптарына сәйкес конкурс өткізілді деп санап, Мунатаева Раушан Муратовнаның өз өтініші бойынша қоғамдық кеңес мүшелігіне және берілген сұрақтарға дұрыс жауап берілгені туралы айтылып және талқыланды. Бұл мәселе бойынша кеңес мүшелеріне шешім жобасы таратылды, жоба бойынша сұрақтарыңыз бар ма? Жок. Жок болса, шешім жобасы бекітілді, Қарсы, қалыс жоқ па? Жок болса, шешім қабылданды. (Шешім тіркеленді).


Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2-қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабына 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қордай аудандық Қоғамдық кеңес құрамынан шыққан мүшелерінің өкілеттіктерінің қалған мезіміне ҚР «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес конкурстың өткізілген нәтижесі бойынша аудандық Қоғамдық кеңес мүшесіне Мунатаева Раушан Муратовна қабылданын;

2. Мунатаева Раушан Муратовна «Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау» мәселелері жөніндегі комиссияның мүшелігіне қабылдансын.


Аудандық қоғамдық Кеңес отырысы өз жұмысын күн тәртібіне сәйкес мәселелерді толығымен қарап, өз жұмысын аяқтады.

Аудандық Қоғамдық кеңестің төрайымы:



Б.Қарамолдаева

Аудандық Қоғамдық кеңестің хатшысы:



Р.Имашева